

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Қабілет

Күнделікті ауыз екі сөзде “қабілет” деген атауды жиі қолданамыз. Белгілі бір істе үздік орындауға мүмкіндік беретін адамның әр-түрлі жеке қасиеттерінің қиысып келуін, яғни адам қасиеттерінің синтезін қабілет деп атаймыз. Қабілеттің дамуы оны қажет ететін қызмет саласында және әрекетке үйрену үстінде көрініп отырады. Қабілеттің ойдағыдай дамуы адамда тиісті білім жүйесінің, икемділік пен дағдының болуына байланысты болады. Мәселен, оқушыда техникалық қабілеттің ойдағыдай дамуы үшін техникалық конструкциялардың құрылысын жақсы білуі, оны тәжірибе жүзінде пайдалана алуы қажет.

Қабілеттіліктің (туа біткен, пайда болған) тегі туралы сұрақ зерттеушілерді ерте заманнан толғандырып келеді.

Қабілет туралы айтылған ойлар

Қабілеттің ерте пайда болуы. Мысалы, Моцарттың (1756-1791) музыкалық қабілеті 3 жаста біліне бастаған, 8 жасында симфония, 11 жасында опера жазып шыққан; «Қабілеттің мұрамен берілуі» неміс музыканттар Бах отбасының тарихы айқын мысал бола алады. Негізін салушы жұмыстан кейін музыкамен және өлең айтумен айналысқан наубайшы В. Бах болды. Бахтардың музыкалық тегі бастау алады. Олардың ішінде атақты композитор Иоганн Себастьян Бах болды.

С.М. Жақыпов өзінің еңбектерінде былай көрсетеді: Қабілеттердің нышандар негізінде қалыптасуы туралы мәселе әлі күнге дейін шешілген жоқ. Іс- әрекет барысында нышан қабілетке айналады деген тұжырымның өзі де әлі дәлелденбеген. Өйткені қабілетке айналуы үшін нышандар іс- әрекетте қандай орын алатынын көрсету керек.

Адам қабілеттерінің жан-жақты жетілуі әсер етуші еңбекті екіге бөлеміз, яғни ой және дене еңбегі. Еңбектің сан-алуан түрлерінің ұштасуы адамның дене күшінің де, рухани күшінің де дамуына себепші болады, адамның білім, шеберлігі, іс-әрекеттің түрлі саласындағы айрықша дамыған тәжірибе мен білім икемі дұрыс ұштасқанда ғана ғылым, техника, әдебиет пен өнер саласында адамның қабілеті мен дарыны, таланты дамып, оның ойдағыдай өрістей түсінуіне кең мүмкіндіктер жасалады.

Кеңестік психологияда қабілетті тәжірибелік зерттеу көбінесе соңғы ықпал негізінде құрылуда. Оның дамуына елеулі үлес қосқан кеңестік белгілі ғалым Б.М.Теплов. Ол “қабілеттің” төмендегідей негізгі үш түрін бөліп көрсетті.

Біріншіден, қабілетпен бір адамның келесісінен өзгешеленетін дербес - психологиялық ерекшеліктер түсіндіріледі; барлық адамдар бірдей болатын қатынаста қасиеттілік туралы сөз болған жерде қабілеттілік туралы ешкім сөз етпейді.

Екіншіден, қабілет деп қандайда бір немесе көптеген әрекеттердің орындалуының табыстылығына қатысы бар жалпы алғанда дербес ерекшеліктерді атайды.

Үшіншіден, “қабілет” түсінігі аталмыш адамда қалыптастырылған дағдылармен немесе іскерлікпен, жинақталған білімділікпен сәйкес келеді.

Мысалы, математикалық қабілетті зерттей отырып, В.А.Крутецкий математикалық әрекетті табысты орындау үшін қажетті деп мыналарды белгіледі:

- пәнге белсенді, оң қатынасы, онымен шұғылдануға икемділігі, құмартып әуестенуде дамудың жоғары деңгейіне өтуі;

- мінездің кейбір белгілері, ең әуелі еңбексүйгіштік, ұйымдастырушылық, дербестік, мақсаттылық, табандылық, сонымен қоса, тұрақты интеллектуалды сезім;


- әрекет барысында орындалуына қолайлы психикалық жағдайдың болуы,

- сол салаға қатысты белгілі білім, іскерлік және дағдының қоры;


- сенсорлық және ақыл-ой әрекеттің дербес-психологиялық ерекшеліктерінің талаптарына жауап беретін.



С.Л. Рубинштейн 30-шы жылдары қабілетке байланысты өз көзқарасын айта бастайды. Оның алғашқы жұмысының мазмұны кейінірек „жалпы психология негіздері” оқулығында баяндалды. Онда автор осы мәселеге деген көзқарасын айта келе, қабілетті дамытудың алғышарттарын негізге ала отырып, жалпы дарындылық пен арнайы қабілеттер сұрақтарын қарастырады.



Жалпы



Арнайы

Арнайы қабілеттер адамның іс-әрекетінің жеке арнайы салаларындағы жетістіктерін анықтайды. Ол арнайы қабілеттердің түрге жіктелуінен көрінеді. (математика, музыка, әдебиет т.б.) Жалпы және арнайы қабілеттердің арақатынасын жалпы мен ерекшенің ара қатынасы ретінде қарастырады. Ғылымда олардың жіктелуінің белгілі әрекеттері бар. Бұл жіктелулердің көпшілігі алдымен табиғи немесе шынайы (өзінің биологиялық шарттастырылуы негізіндегі) қабілет және қоғамдық-тарихи шығу тегі бар арнайы адами қабілет деп өзгешеленеді.

Жалпы қабілетке сан түрлі әрекеттер түрлерінде адамдардың табыстарын анықтайтындарды жатқызу қабылданған. Мысалы, аталмыш категорияға қол қозғалысындағы талғампаздық пен дәлшілдік, есте сақтау, сөйлеу және басқа да ойлау қабілеттіліктері енеді. Олай болса, жалпы қабілетпен көбінесе адамдарға тән дараланған қабілеттермен түсіндіріледі. Арнайы қабілет ерекше пайда болатын қажетті бейімділіктерді жүзеге асыруға және олардың дамуына арналған, адамдар табыстылығын арнайы әрекеттер түрлерінде анықтайтындармен жобаланып түсіндіріледі. Ондай қабілеттерге музыкалық, математикалық, лингвистикалық, техникалық, әдеби, көркем-шығармашылық, спорттық және т.б. жатқызуға болады.

Психологияда қабілеттің даму деңгейін жіктеудің төмендегідей түрлері жиі кездеседі:

1)Қабілет

2)Дарындылық

3)Талант

4)Данышпандық

2) Дарындылық қандай да әрекеттің табысқа жету мүмкіндігін ғана анықтайды, осы мүмкіндікті іске асырылуы лайықты қабілетті қандай өлшемде дамытады және қандай білім мен дағды игерте алатынын анықтайды.

Дарынды адамдардың дербес ерекшелігі қызығушылығы бағыттылықта басты кейіпте білінеді. Мәселен, бір адамдар математикаға, келесісі – тарихқа, үшіншісі - қоғамдық жұмысқа тоқталып жатады. Қабілеттің ары қарай дамуы нақтылы әрекетке өтеді.

3) Адам қабілеттілігі дамуының келесі деңгейі – талант. Талант – бұл қабілеттің белгілі бір үйлесімділігі, олардың жиынтығы екенін атап өту қажет. Жекелеген айырушы қабілет, тіпті өте жоғары дамығаны да талант деп аталуы мүмкін емес. Мәселен, таланттылардың арасынан есте сақтауы жақсы да, жаман да адамдарды көптеп табуға болады. Адамның шығармашылық әрекетінің есте сақтауы бұл оның жетістігіне байланысты факторлардың бірі ғана. Бірақ нәтижелер терең қызығушылықсыз, күшті екпінсіз, бай қиялсыз, икемді ақылсыз жеткілікті болмайды.

4) Қабілет дамуының жоғары деңгейі данышпандық деп аталынады. Данышпандық туралы адамның шығармашылық жетістігі қоғамдық өмірде, мәдениет дамуында бүтін дәуірді құрастырғанда айтылады. Данышпан адамдар өте аз. Барлық бесмыңжылдық өркениет тарихында небәрі 400-ден астам ғана данышпан бар деп саналынады.

Данышпандықты сипаттайтын дарындылықтың жоғары деңгейі әрекеттің әр түрлі салаларындағы сиректілігімен шарасыз байланысты. Лайықты әмбебептылыққа қол жеткізген данышпандар арасында Аристотель, Леонарда да Винчи, Р. Декарт, Г.В. Лейбниц, М.В. Ломоносовтарды атауға болады. Мысалы, М.В. Ломоносов білімнің әр түрлі салаларында: химия, астрономия, математика, сонымен қатар суретші, поэзияны күшті білген әдебиетші, тілші, жетістіктерге қол жеткізген. Алайда бұл данышпандардың барлық дербес қасиеттері бірдей дәрежеде дамыды деуге келмейді.

Қабілетті адамдардың бірі- зеректілігімен, екіншілері байқағыштығымен, үшіншілері материалды еске сақтағыштығымен ерекше көзге түседі.

Адам психикасының басты бір ерекшелігі: бір қасиеттің орнын екінші бір қасиетпен толтыра, яғни адамның өзінде жетіспеген бірер қабілетті басқа қабілеттермен алмастыра алатындығы.